

Қазақ тілін түрік аудиторияда оқыту тәжірибемнен

Қазақ тілі мемлекеттік тіл болғандықтан республикамызда мекендейтін барша ұлт өкілдері құрмет тұтатын және оларды ортақ мақсатқа жұмылдырудың құралы болуы тиіс екендігін еліміздің Президенті айрықша атап өтті.

Еліміздің тіл саясатына байланысты басқа ұлт өкілдері қазір қазақ тілін үйренуге бет бұрды.

Тіл адам қатынасының аса маңызды құралы болып табылатындықтан, сөйлеуде айтылатын және қабылданатын дыбыстардың материалдық формасы түрінде берілітіндіктен, тілдің барлық қызметінде қолдану үшін дыбысты дұрыс айтудың маңызы зор. Қай тілді оқытқанда да біз – тіл үйренушіге сөйлеу әрекетінің төрт түрін – сөйлеу, оқу, жазу, тыңдап-түсінуді үйретеміз.

Қазақ тілін түрік аудиторияда оқыту кезінде ең алдымен меңгеруге, игеруге оңай болатын және игеруге қиын тиетін тілдік формаларды анықтап алу керек.

Тіл дамытуда, яғни сөйлеуде тілдің айтылу нормасын меңгерту мақсат етіледі. Бұл мақсатты орындау үшін қазақ тілдің дыбыстық жүйесі мен фонетикалық заңдылықтарынан толық білім беру қажет. Сол тілдік білім мен қарым-қатынас негізінде тіл үйренушіде орфоэпиялық норма қалыптасады.

Қазақ тілі мен түрік тілінің ұқсастығы көбінесе орфоэпиясында байқалады.

«Ауызша сөйлеу орфоэпиялық біліктілігі мен икемділіктерін дамыту» кезінде түрік студенттердің таңдап-түсіну әрекетінің диалогты және монологты түрде жаттықтырудың әдіс-тәсілдері мен әдеби тілдің орфоэпиялық нормаларын, интонация, екпін және фонетикалық дағдыларын қалыптастыруға мән беріледі. Ауызша сөйлеу негізгі екі сыңардан тұрады: бірі – ауызша айтылғанды тыңдап түсіну (оудирование), екіншісі – ауызша сөйлеу.

Түбі бір түркі тектес халықпыз дегенмен, екі тілдің өзіндік ерекшеліктері орфоэпия мен орфография арқылы айқын көрінеді.

Қазақ тілін игеру мақсатымен тыңдап – түсіну жаттығуларын орындау нәтижесінде түрік студенттеріне дайындық кезінде мына төмендегідей икемділіктер қалыптастырылады.

а) тыңдап отырған хабардағы таныс емес құбылыстарды анықтау, оларды бір-бірімен ажырату және түсіну. Мысалы фонетика-тіл дыбыстарын зерттейтін ғылым. Морфология, синтаксис т.б.

ә) синоним, антоним, омоним, көп мағыналылық құбылыстарды танып, олардың мағынасын ашу икемділігі. Атап айтсақ;

Мысалы, синоним - әдемі, көрікті, сұлу, ажарлы.

антоним – үлкен–кіші, аз-көп

омоним –түс – егістік, түсу қимылын білдіреді

түс – сын есім, заттың түсін білдіру.

түс – зат есім, түс көру.

түс – үстеу, мезгіл атауы.

Бұл икемділіктердің негізгі – сөз және оның мағынасын тану.

Тіл үйренушінің тыңдап,, көруін дамытатын аудио, бейне, мультимедиа арқылы әртүрлі жаттығулар орындалып отырады.

1. Диалогты тыңдап – түсіну икемділігін дамытатын жаттығулар; а) диалогты жазылған таспадан тыңдау және сол тақырыпта оған ұқсас диалог құрау; ә) бір мәселе жөнінде диалогтың бастапқы 2-3 ілікпе сөз кезектестігін тыңдатып, одан әрі студенттің өзіне сөйлеудің мазмұнын кеңейттіріп, толықтыру; б) магнитофондағы жазылған диалогты тыңдатып, түсінігін өз сөзімен монолог түрінде айтқызу.

2. Монологты тыңдап – түсінуге байланысты сөйлеуді дамыту жаттығулары: а) кіріспесін, негізін, қорытындысын өзгертіп баяндату; б) фильмді, картинаны т.б. көрсету арқылы оның негізгі мазмұнын айтқызу.

Сонымен бірге, әртүрлі ым-ишара, бет құбылысы мен дене қозғалысы, бірін-бірі толықтырып, тыңдаушыға әсер ете білу керек.

Сөйлем мен сөз тіркесінің интонациялық құрылысын дұрыс қабылдау үшін сөйлемдерде берілген тыныс белгісі ерекшеліктерімен оқытуға мән беріледі.

1. Сөйлемді тыңдатып, оның әртүрлі интонациямен айтылғандығын сұрау. Мысалы, *Келіп қалды.* (хабарды сөйлем), *Келіп қалды?* (сұраулы сөйлем), *Келіп қалды!* (лепті сөйлем).

2. Сөйлемді тыңдатып ондағы үн кідірісін (пауза) анықтау. Оның сөйлемдегі білдіретін мәнін түсіндіру. Мысалы, а) Қорада қара ала сиыр байлаулы тұр, ә) Қорада қара, ала сиырлар байлаулы тұр.

3. Сөйлемді тыңдатып, бұйыру, өтініш, жалыну арқылы адамның сезімдерін анықтау. Мысалы, «Бері келіңіз» деген сөзді әртүрлі мәнде айтқызу.

Ауызша сөйлеуге үйретуде сұрақ-жауап үлгісін көрсету, мәтін талдау, бақылау, салыстыру, индукциялық, дедукциялық ой қорытындыларын жасауға дағдыландыру, көрнекілік (аудио, бейне, диафильм т.б.) әдіс-тәсілдер нәтижелі екендігін анықтайды.

Тіл үйренуде әрі көмекші құрал ол – сөздік. Егерде тіл үйренуші қаншалықты сөздікпен жұмыс істесе, соншалықты деңгейде тілді меңгергендігі көрініп-ақ тұрады.

«Жазбаша сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын дамыту» кезінде, дұрыс сауатты жазу яғни орфографиясына аса мән беріледі.

Жеке әріптерден сөз құрастыру, жеке сөздер мен сөз тіркестерінен жазбаша түрде мәтін құрастыру яғни фонетикадан білім беру.

Түрік алфавиті қазақ алфавитінен өзгеше болғандықтан алфавитті меңгеруде қиындау әсерін тигізеді. Әрбір әріптің дыбысталуын үйреткенде тіл үйренушілердің ана тіліндегі дағдыларына сүйеніп, транскрипцияны пайдаланған жөн. Л.Н. Дудинаның «Турецкий язык» деген оқулығында транскрипция өте жақсы көрсетілген.

Қазақ әріптерінің транскрипциясын көрсеткенде Бб[b], Д[d], Ф[f], Ы[I] түрінде түсіндіріледі.

Түрік алфавитінде қазақ әріптерімен бірдей таңбаланатын әріптер бар, бірақ дыбысталуы басқаша болып келеді. Атап айтсақ, І[ы], Р[п], У[и], С [ж].

Дауысты және дауыссыз дыбыстардың екі тілде де ұқсастары байқалады. Мысалы, дауысты дыбыстар тілдің қатынасына қарай

Жуан (kalin) Жіңішке (ince)

Мысалы, a[a], o[o], u[u] e[e], i[i]

Морфология саласы бойынша, қазақ тілінде түбірге жалғанатын қосымшаларды түрік тіліндегі қосымшалармен салыстырмалы түрде түсіндіріледі.

Жіктік жалғауында (Tekil ekleri) екі тілде де ұқсастық бар екенін төмендегі берілген мысалдан-ақ байқауға болады.

Мен (Ben) келдім (geldim)

Сен (Sen) келдің (geldin)

Ол (O) келді (geldi)

Біз (Biz) келдік (geldik)

Сендер (Siz) келдіңдер (geldiniz)

Олар (Onlar) келді (geldiler)

Көптік жалғау (Gogul ekleri)

Қазақ тіліндегі көптік жалғауы – лар, - лер, - тар, - тер, - дар, - дер, түрік тілінде – лар (lar), - лер (ler) түрінде ғана кездеседі.

Мысалы, kitaplar (кітаптар), defterler (дәптерлер) т.б.

Тәуелдік жалғауы (Iyelik ekleri), - im – in – i, imiz – iniz – leri жалғаулары арқылы қолданылады. Мысалы, қалам – kalem

Менің (Benim) қаламым (kalamim)

Сенің (Senin) қаламың (kalemin)

Оның (Onun) қаламы (kalemi)

Біздің (Bizim) қаламымыз (kalemimiz)

Сендердің (Sizin) қаламдарың (kaleminiz)

Олардың (Onların) қаламдары (kalemleri)

Қазақ тіліндегі – ға, - ге барыс септігінің жалғауы, түрік тілінде де кедеседі. Түрік тілінде түбір дауыссыз дыбысқа бітсе, оған а, - е жалғауы жалғанады. Мысалы, Moskovaya – Москваға, doktora – дәрігерге т.б.

Жатыс септігіндегі – да, - де, - та, - те жалғау түрік тілінде де da – de – ta – te түрінде қолданылады. Мысалы, evde үйде, derste – сабақта.

Шығыс септігіндегі дан, - ден, - тан, - тен жалғауы да түрік тілінде осы күйінде жалғанады. Мысалы, dolaptan - шкафтан, dersten - сабақтан т.б.

Көмектес септігіндегі түбірге жалғанатын -мен/-пен/-бен жалғауы түрік тілінде дауыссыз дыбыстан кейін la – le, дауысты дыбыстан кейін – ula – yle түрінде жасалады. Мысалы: Kalemle – қаламмен.

Aliyle - Алимен

Metroyla - метромен

Қазақ тілінде тұйық етістік, яғни етістіктің түбіріне жалғанатын –у жұрнағы түрік тілінде – mak, - mek түрінде кездеседі. Мысалы:

Karatmak - жабу

Dinlemek - тыңдау

Kalkmak – тұру.

Жоғарыда атап өтілгендей, қазақ тілін түрік аудиториясында жүргізу тәжірибемде, аталмыш оқыту әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, тіл үйренуші екі тілдің өзіне тән ұқсастары мен айырмашылықтарын салыстыра оқыту негізінде толық меңгерді деуге болады.